

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Кеден қызметін басқарудың біртұтастығы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ӨКІМІ 1995 жылғы 12 қазан N 382-ө

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Кеден қызметін басқарудың біртұтастығы туралы 1995 жылғы 16 мамырда Москва қаласында Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының үкімет басшылары қол қойған Келісімнен туындайтын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті жанындағы Ресей Федерациясының Кеден қызметі өкілдігінің қызметкерлерін қызметтік тұрғын үй қорымен, қызметтік үй жайлармен, жер учаскелерімен қамтамасыз ететін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті жанындағы Ресей Федерациясының Кеден қызметі өкілдігінің қызметкерлерін байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1995 жылғы 12 қазандағы
N 382-өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы
Кеден комитеті жанындағы Ресей Федерациясы Мемлекеттік
кеден комитеті өкілдігінің жауапты қызметкерлерін
орналастырудың
ТІЗІМІ

Адам саны

- | | |
|---|------|
| 1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Кеден комитеті, Алматы қаласы | - 13 |
| 2. Ақтөбе облысы бойынша кеден басқармасы | - 1 |

3. Ақмола облысы бойынша кеден басқармасы	- 2
4. Атырау облысы бойынша кеден басқармасы	- 2
5. Шығыс Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасы	- 2
6. Жамбыл облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
7. Жезқазған облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
8. Батыс Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
9. Қарағанды облысы бойынша кеден басқармасы	- 3
10. Көкшетау облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
11. Қостанай облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
12. Маңғыстау облысы бойынша кеден басқармасы	- 2
13. Павлодар облысы бойынша кеден басқармасы	- 2
14. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
15. Семей облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
16. Талдықорған облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
17. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасы	- 1
18. "Бақты" кедені	- 1
19. "Достық" кедені	- 1
20. "Қорғас" кедені	- 1
21. "Майқапшағай" кедені	- 1

Барлығы 40